

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«№ 66 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

**FUN ENGLISH THROUGH FAIRY TALES**

*Элективтік курс бағдарламасы*

**3-4 сынып**

**НҰР-СҰЛТАН, 2021**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№66 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды

**Пікір берушілер:**

Есказинова Ж.А.–Е.А.Бөкетов Қарағанды университеті, шетел тілдер факультеті, ағылшын тілін оқыту әдістемесі және теориясы кафедрасының аға оқытушысы PhD докторы.

Канапина Б.– Нұр-Сұлтан қаласы, ШЖҚ МКК “№66 мектеп-лицейінің” ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-шебер.

**Құрастырушы:** Мақсұтқызы М., “Fun English through fairy tales” элективтік курс бағдарламасы -Нұр-Сұлтан қаласы- 2021.-18б.

“Fun English through fairy tales” элективтік бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілінде тілдік дағдыларын дамытып, соның ішінде ауыз екі сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында әзірленген курсын жүргізуге арналған. Бағдарлама 3-4 сынып оқушыларына қосымша білім беруге арналған.

## Мазмұны

Түсінік хат.....	4
1.Бағдарлама мазмұны.....	7
2.Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	11
Пайдаланылған әдебиеттер.....	15

## ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасы президентінің “*Рухани жаңғыру*” бағдарламасының аясында болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады делінген. Сондықтан, әрбір қазақстандық, әрі тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Соның ішінде шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторларға баса назар аударуды меңзеп өткен. Сол себепті осы элективті курс мектеп қабырғасында шет тіліне деген қызығулықты арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Онымен қатар, мемлекетіміздің “*Үштілділік саясаты*”-на сәйкес мемлекеттік және ресми тілмен қатар халықаралық ағылшын тілін де жетік деңгейде меңгерту білім беру саласының міндеттері болып табылады. Осы орайда, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып орындалған элективтік курс бұл саясатты барынша қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, Білім және Ғылым Министірлігі бекіткен 2021-2022 оқу жылдарына арналған әдістемелік нұсқаулық хат мазмұнында “Театр” деген бағытқа көңіл бөлінсін делінген, сондықтан ағылшын тіліндегі ертегілердің театрландырылған қойылымдары өзекті болып табылады.

Бұл элективті курстың негізгі ерекшелігі, ол көптеген грамматикалық, лексикалық, синтаксистік құрылымдарды оқушы қажеттілігіне қарай және оқу мақсаттарына сәйкес бейімделе алады. Мұғалім қажетінше қойылым мәтініндегі сөздер мен грамматикалық бөліктерді мазмұнына әсер етпейтіндей етіп өзгерте алады. Сонымен қоса, курс мазмұны әр түрлі оқулық бағдарламасына қосымша оқу құралы ретінде сәйкестендіріле алады.

**Бағдарламаның мақсаты:** Оқушыларды ағылшын тілін оқытуға қызықтыру және оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (өз ойын мақсатты тілде еркін жеткізу, ағылшын тілінде диалогтық тілдесуді меңгеру). Сондай-ақ оқушылардың шығармашылығын, жан-жақты дамуына үлес қосу болып табылады.

### **Міндеттері:**

- Ағылшын тіліндегі оқушылардың сөздік қорын кеңейту.
- Кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және ертегілердің мазмұнын тереңнен түсунеге үйрету.
- Қойылымдар арқылы ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамыту (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) және игерген тілдік дағдыларын күнделікті өмірде қолдануын дәріптеу.
- Өз ойын еркін білдіріп, көпшілік алдында сөйлеу, әрі өзін-өзі ұстау дағдысын игерту.
- Оқушының дүниетанымын, жан-жақтылығын дамыту, театрландырылған қойылымдарға деген қызығушылығын ояту.

### **Күтілетін нәтижелері:**

- Ағылшын тіліне деген қызығушылығы жоғарылайды.
- Ағылшын тілінде еркін тілдесімге түсіп диалогты қолдай алады.

- Оқуға, әсіресе ертегілер жанрына ерекше қызығушылық танытады.
- Ағылшын тілінде ертегілерді еркін оқиды, ертегіге байланысты өз ойын білдіре алады.
- ағылшын тілінде шағын қойлымдарда рөлді сомдай алатын.
- қойылымдағы мейрімділікке, адамгершілікке ұмтылатын тұлға қалыптасады;
- Саналы түрде театралдық қойылымдарға, ойын-драмаларға белсенді қатысады және сол арқылы балалардың әлеуметтік және эмоционалды-адамгершілік тәжірибесі нығаяды.

### **Жұмыс түрі:**

- *Ауызша сөйлеу әдісі (талқылау, түсіндіру, сұрақ-жауап)*
  - *Көрнекілік әдісі (видео және плакаттар, суреттер, маскалар)*
  - *Танымдық (критикалық ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлерді сомдау)*
- Курстың негізгі жұмысы топтық, жұптық және жеке жұмыстардан тұрады.

### **Кезеңдері:**

I. Дайындық кезеңі : қойлымдардың тақырыбын талдау, қатысушылар тізімін анықтау, рөлдерге бөлу, сценарий құру, қойлымға қажет костюмдер дайындау.

II. Негізгі кезең:

1. Мәтінмен жұмыс:

- а) эпизодты оқу;
- ә) рөлге бөліп оқу,
- б) лексикалық-граматикалық жаттығулар орындау;
- в) эпизод оқу кезінде кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау, рөлге ену.

2. Дайындық:

- а) Дауыс ырғағына жаттығулар
- ә) Кейіпкерлерін рөлінің сөзін жатқа айту;
- б) Шығармашылық тапсырмалар орындау, мыс.: маска, постер жасау;
- в) Вербалды емес тілді қолдану (іс-қимылмен, ыммен түсіндіру);
- г) Қойылымды қою

III. Қорытынды. Ертегі премьерасы. Оқушылар алдында қойылым қою

Кейіпкер рөлдерін бөлгенде оқушылардың шығармашылық қабілеті мен бейімін ескеру керек. Бір оқушы айтқанды іліп алатын, екінші оқушы пантомимді рөлді, үшіншісі суфлер болу керек. Қойылым режисерін, дублерін, безендендірушісін қою керек. Мұндай жұмыс топтың шығармашылығы мен қоса ауызбіршілігін, ұйымшылдығын арттырады.

Бағдарламаға қосымша оқушылардың берілген материалды терең әрі сапалы игеруі мақсатында ағылшын тілінде қысқа мерзімді сабақ жоспарлар жинағы, оқушы дәптері және ертегі сценарийлері жинағы ұсынылады.

# 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

## THE CONTENT OF THE COURSE

34 сағат ( аптасына 1 сағат)

**Бағдарлама мазмұны** оқушылардың тек академиялық үлгерімін дамытуға ғана бағытталмай, сонымен қатар шығармашылық жағына көп септігін тигізеді. Оқушылар сахнада өзін-өзі ұстау, топта жұмыс жасау, тек негізгі рөлдерді сомдау ғана емес сонымен қатар қосалқы екінші деңгейдегі де рөлдерді, көмекші суфлер рөлдеріне жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Осы үрдістің барлығында оқушының әлеуметтік, коммуникативтік дағдылары жоғары деңгейде дамиды. Осы орайда күнделікті өмірде де бұл дағдылар тілтабысқыш, ашық әрі бәсекеге қабілетті оқушының қалыптасуына негіз болады.

Оқушыларға аталған бөлімде жалпы театрландырылған қойылым, терминдер, қамтылатын ертегілер туралы ақпарат беріледі. Оқушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап алады. Сабақ өтуі бойынша өз ұсыныстарын жасайды. Оқушы үні, оқушының қызығушылығы, белсенділігі бұл орайда аса назарға алынады.

Ертегілер ағылшын тілі сабақтарында қолдануға болатын керемет әрі құнды ресурс болып табылады. Олар қызықты, қысқа әрі түсінікті. Ертегілер арқылы оқушылар ағылшын тілінің грамматикасын, жаңа сөздікті, оқуға деген құштарлықты әрі жеке тұлғалық құндылықтарын дамытады. Әсіресе, оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген мотивациясын күшейтіп, сабақты қызықты етіп өткізудің мысалы бола алады. Атап өткендей, оқушының тек тілдік дағдылары дамымай, жалпы тұлғалық қызығушылығын оятып, шет тілінде әдебиетті оқуға мүмкіндік береді.

**Тақырыптар мазмұны** оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты құрылған. Таңдалынған ертегілер де бастауыш сыныптарына таныс шығармалар болып табылады. ертегі мәтіндері, сөздіктері мен оларға берілетін жаттығулар қарапайымнан күрделіге принципін ұстана отырып таңдалынған. Сонымен қатар әр оқушыға жеке жол табу принципі де қамтылады. Бастауыш сынып оқушылары зейінін ұстап тұру әрі қызығушылығын жоғалтып алмау мақсатында сабақ тақырыбына байланысты сабақ формалары да дәстүрлі сабақтан өзгеше. Практикалық сабақтарды сахнада немесе қажетті декорациялармен қамтамасыз етілген театр кабинетінде өткізу ұсынылады.

### **Тәжірибелік бағыттылығы**

Курс мазмұны оқушылардың ағылшын тіліндегі тілдік дағдысын диалогтық шаблондар негізінде бейсаналы түрде игеріп, мемлекеттік стандартқа сай негізгі ағылшын тілі сабақтарында өтетін грамматикалық құрылымдарды практикалық тұрғыда қолдануды қамтамасыз етеді.

### **Негіздемені қамтамасыз ету**

Алдымен теориялық білімді және жаңа вокабулярды қолданбалы түрде үздіксіз (8 апта бойы) тілдесімде пайдалану арқылы тыңдалым, айтылым, жазылым мен оқылым дағдыларын дамытады. Екіншіден, қойылымдарда үйренген тілдік бірліктерді күнделікті өмірде де қолдануға машықтанады,

себебі ертегі мазмұны мен сөздері күнделікті өмірде пайдаланатын сөздікке бейімделген.

## **Introduction to the course- 1 сағ**

### **Main part**

#### **I “Little red riding hood” (8 сағат)**

Introduction to the fairy-tale “Little red riding hood”; At Red Riding-Hood's Home; In the Wood; Grandmother's House; Woodsman's help; Stage decoration and musical accompaniment; General rehearsal; Premiere of the play

#### **II “Cinderella” (8 сағат)**

Introduction to the fairy-tale “Cinderella”; Sisters at home; In the ball; Fairy comes to Cinderella; The prince looks for the girl; Stage decoration and musical accompaniment; General rehearsal; Premiere of the play

#### **III “Snow-white and seven dwarfs” (8 сағат)**

Introduction to the fairy-tale “Snow-white and seven dwarfs”; The castle; The forest; At dwarfs' cottage; The forest. Near the cave; Stage decoration and musical accompaniment; General rehearsal; Premiere of the play

#### **IV “A wolf and seven goats” (8 сағат)**

Introduction to the fairy-tale “A wolf and seven goats”; In the cottage; At the bakery; Wolf eats the goats; Rescuing the goats; Stage decoration and musical accompaniment; General rehearsal; Premiere of the play

### **Conclusion – 1 сағ**

Оқушылар мұғаліммен бірге өткен курс пен қойылған қойылымдар, игереген тілдік дағдыларға рефлексия жүргізеді. Оқушыларды ынталандыру мен бағалау мақсатында номинациялар бойынша марапаттау рәсімі өтеді.

## **Курс соңында оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптар:**

### **Know\Біледі:**

- A lexical material related to each fairy tale (*Once upon a time, run away, knock, pick up, carry, run over, recognize, sharp, step-mother, step-sister, ball, prince, palace, to be allowed to, tonight, fairy, godmother, suddenly, coach, midnight etc.*)
- Main grammar themes: Simple Past, Present and Future tenses, *Imperatives, Possessive adjectives*, Comparative forms of adjectives, *Articles (a, an, the)*, Adverbs of manner, Modal verbs: Have to/ must (obligation), shouldn't, can (permission)
- Major theatric terminology “Scene”, “Act”, “Role”, “Costumed”, “Dramatist”, “Stage”, “Backstage”, “Curtain” etc.

### **Learn\үйренеді:**

- To listen and understand some specific information and detail of short, supported information or talk on a limited range of general and some curricular topics;
- To read simple non-fiction texts on a limited range of general and curricular topics;
- To make basic statements which provide personal information on a limited range of general topics in Present, Past and Future Simple

- understand and respond to a limited range of short supported questions which ask for information and support a dialogue;
- to behave on a stage and perform in front of the audience
- to work in a team and share responsibilities

**Form\Тәрбиелейді:** a creative, educated, communicative, open- minded and highly cultured personality who can apply offered target language material in real life situations

**“Fun English through fairy tales” курсы бағдарламасын іске асыру нәтижелерін қорыту түрлері:** теориялық материал бойынша бақылау тесттері, сөздік диктанттар, спектакль қойылымы, оқушылармен бірге құрастырылған критерийлер бойынша формативтік бағалау

## 2.“FUN ENGLISH THROUGH FAIRY TALES” БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

### “FUN ENGLISH THROUGH FAIRY TALES” COURSE’S CALENDAR-THEMATIC PLANNING

№	Theme	Hours	Resource	Action
1	General introduction to the course	1		Learn information about the course content, ask questions, share thoughts
2	“Little red riding hood”	Introduction to the fairy-tale “Little red riding hood”	1	Get acquainted to the fairy-tale and characters
3		Act 1. At Red Riding-Hood's Home	1	Watch the episode, learn new words, read the first part, do exercise, reflect
4		Act 2. In the Wood	1	Learn new words, read the episode by roles, discussion
5		Act 3. Grandmother's House	1	Read the episodes, express ideas about characters
6		Act 4. Woodsman’s help	1	Describe the characters by positive and negative treats
7		Stage decoration and musical accompaniment	1	Make masks of the characters
8		General rehearsal	1	Learn the utterances by heart, act out all episodes
				<a href="https://www.youtube.com/watch?v=LDMWJCrDVM1">https://www.youtube.com/watch?v=LDMWJCrDVM1</a>



9		Premiere of the play	1		Act out the fairy-tale, share thoughts
10	"Cinderella"	Introduction to the fairy-tale "Cinderella"	1	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=DgwZebuliXc">https://www.youtube.com/watch?v=DgwZebuliXc</a>	Watch the video, get acquainted to main characters
11		Act 1. Sisters at home	1		Learn new words, describes the characters
12		Act 2. Fairy comes to Cinderella	1		Watch the episode, intonation exercise, answer the questions
13		Act 3. In the ball	1		Read the episode by roles, draw pictures
14		Act 4. The prince looks for the girl	1		Watch and read the episode by roles, do word puzzle
15		Stage decoration and musical accompaniment	1		Create a decoration of the scene
16		General rehearsal	1		Act out all episodes, choose music
17		Premiere of the play	1		Act out the fairy-tale, make a discussion
18	"Snow-white and seven dwarfs"	Introduction to the fairy-tale "Snow-white and seven dwarfs"	1	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=3rKzUaU_QOI">https://www.youtube.com/watch?v=3rKzUaU_QOI</a>	Learn new words, describe the characters, do mind map
19		Act 1. The castle	1		Watch and read the first episode, describe characters, answer the questions
20		Act 2. The forest	1		Read the episode, make an intonation drill
21		Act 3. At dwarfs' cottage	1		Watch and read the episode, draw favorite character and describe it
22		Act 4. The forest. Near the cave	1		Read all episodes together, complete the sentences
23		Stage decoration and	1		Draw pictures, make

		musical accompaniment			masks of characters
24		General rehearsal	1		Act out all episodes, choose music
25		Premiere of the play	1		Act out the fairy-tale, make a reflection
26	"A wolf and seven goats"	Introduction to the fairy-tale "A wolf and seven goats"	1	<a href="https://www.youtube.com/results?sp=mAEB&amp;search_query=wolf+and+seven+little+goats">https://www.youtube.com/results?sp=mAEB&amp;search_query=wolf+and+seven+little+goats</a>	Learn new words, watch the fairy-tale, try to predict the following parts
27		Act 1. In the cottage	1		Watch and read the episode, describe characters
28		Act 2. At the bakery	1		Read the episode, intonation exercise
29		Act 3. Wolf eats the goats	1		Watch and read the episode, do matching task
30		Act 4. Rescuing the goats	1		Watch and read the last episode, draw a picture/poster
31		Stage decoration and musical accompaniment	1		Choose decoration, music
32		General rehearsal	1		Act all four episodes together, work with mistakes
33		Premiere of the play	1		Act out the fairy tale on the stage, make a reflection
34		Final reflection	1		Share ideas, feelings about the fairy tales and performance. Award diplomas for the best roles
		Total	34		

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулысы, 2019.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>.
2. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулысы, 2019  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>.
3. Н.Ә.Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” 2017, Ақорда  
[https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy).
4. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат <https://bilimger.kz/105969/>.
5. Иванова Н. В. Методика драматизации сказки как средство развития коммуникативности младших школьников при обучении иностранному языку : автореф. дис. ... канд. пед. наук : спец. 13.00.02 "Теория и методика обучения: иностранные языки" / Н. В. Иванова. – М., 2007. – 23 с., стр. 8.
6. Кропова Ю.Г. Театральные постановки на английском языке как средство развития коммуникативной компетенции / Ю.Г. Кропова, А.А. Архитекторова // Проблемы и перспективы образования. - М., 2013. - № 24. - 100-105 стр.
7. Матюхина М.В. Мотивация учения младших школьников / М.В. Матюхина. - М. : Педагогика, 2004. - 144 с.
8. Fleming M. The art of drama teaching / Michael Fleming. – London : David Fulton Publishers, 1997. – 188 p.
9. Maley A. Drama techniques: a resource book of communication activities for language teachers. Third edition / Alan Maley, Alan Duff. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 246 p.
10. Phillips S. Drama with Children / Sara Phillips. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 151 p.
11. Ashliman, D. L. (2004). *Folk and Fairy Tales*. USA: Greenwood Press, 2004. - 280p.
12. Baudains, M. R. (1990). *Alternatives: Games, exercises and conversations for the language classroom*. England: Longman Group UK Ltd.
13. <https://ziatker.kz/docx/qyzyI telpek ertegising aydarmasy 28182.html>.
14. <http://referatikz.ru/ertegizhetilak>.
15. <https://alash.info/unit/332>.